

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Әуликөл ауылы әкімінің 2024 жылғы 15 қаңтардағы № 3 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес және 2023 жылғы 19 қазандағы № 25 Әуликөл ауданы жер учаскелерін беру жөніндегі комиссияның отырыс хаттамасынан үзінді көшірмесінің негізінде Әуликөл ауданы Әуликөл ауылының әкімі ШЕШТІ:

1. "Қазақтелеком" Акционерлік қоғамына "Қостанай облысы, B2G сегменті үшін ТОБЖ құрылысы" объектісі бойынша талшықты-оптикалық байланыс желісін төсеу, қызмет көрсету және пайдалану үшін жалпы ауданы 0,0270 гектар Әуликөл ауылы, 1 Мая көшесі аумағында орналасқан жер учаскесіне қоғамдық сервитут белгіленсін.

2. "Әуликөл ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрдегі "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін "Әуликөл ауылы әкімінің аппараты" ММ интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Р. Едресов